

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН СЕЙФТІК БАНКТІК ДЕПОЗИТАРИЙДЕ СЕЙФТІ (ҰЯШЫҚТЫ) ЖАЛҒА АЛУ ШАРТЫ

Сейфті (ұяшықты) жалға алудың осы шарты (бұдан әрі - Шарт) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес «Еуразиялық банк» АҚ-ның (бұдан әрі – Банк) автоматтандырылған сейфтік банктік депозитарийде жеке тұлғаларға (Қазақстан, Республикасының резиденттері мен бейрезиденттеріне) (бұдан әрі - Жалға алушы) сейфті (ұяшықты) жалға беру бойынша операцияларды жүзеге асыру талаптары мен тәртібін айқындайды, Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершіліктерін, сондай-ақ Банк пен Жалға алушының арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін (төменде анықталғандай) белгілейді.

Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 – бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Жалға алушы осы Шартқа қосылу туралы өтініш (бұдан әрі-Қосылу туралы өтініш) негізінде жалпы осы Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін. Банк пен Жалға алушы туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұл ретте, Қосылу туралы өтініш Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады. Жалға алушының Қосылу туралы өтінішке қол қоюы, келесілерді куәландырады:

- Жалға алушы Шарттың талаптарын толық көлемде, қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз оқып, түсінді және қабылдады;
- Шартта Жалға алушы үшін өзінің ақылға қонымды мүдделеріне сүйене отырып, қабылдамаған, ешқандай ауыртпалық жоқ;
- Егер Банкте Жалға алушы қол қойған Қосылу туралы өтініш болса, Жалға алушының Шартты оқымағандығының/түсінбегендігінің/қабылданбағандығының дәлелі ретінде Шартта оның қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқығы жоқ;
- Жалға алушы сейфті (ұяшықты) жалға берудің барлық талаптарымен келіседі;
- Шарттың барлық ережелері Жалға алушының мүдделері мен еркіне толық сәйкес келеді;
- Жалға алушы Шарт жасау және сейфті (ұяшықты) жалға беру үшін қажетті барлық рәсімдерді сақтады;
- Шарт жасау және оның талаптарын орындау, оның ішінде Шарт бойынша сейфті (ұяшықты) жалға беру Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Жалға алушыға қатысты қолданылатын заңнаманың кез келген нормасын бұзбайды және бұзуға әкеп соқтырмайды.

Банктің тиісті белгісін қою арқылы сейфті (ұяшықты) жалға беру бойынша қызмет шеңберінде Банктің Жалға алушыдан қабылдаған барлық өтініштері, егер өтініштің мәтіні өзінде басқаша айтылмаса, Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады.

1. Шарттың мәні

1.1. Жалға алушы Банктің автоматтандырылған сейфтік депозитарийінде оларға құндылықтары мен құжаттарын орналастыру үшін уақытша ақылы пайдалануға (жалға) сейфті (ұяшықты) жалға алады, ал Банк осы Шарттың талаптарына сәйкес оны жалға береді.

1.2. Жалға алушы Банктің қызметтерінің ақысын осы Шартта және Банктің қолданыстағы Тарифтерімен (бұдан әрі – Тарифтер) қарастырылған мөлшерде және мерзімде төлейді.

1.3. Сейфтің, кілттің нөмірін Банк Қосылу туралы өтініште көрсетеді.

2. Сейфтің жұмыс істеу режимі. Кілттерді сақтау

2.1. Сейфті (ұяшықты) жалға алу келесілер арқылы рәсімделеді:

- Жалға алушыға сейфтің (ұяшықтың) кілтін беру;
- Жалға алушыға магнитті карточка беру;
- сейфке (ұяшыққа) қолжетімділік үшін дсн-кодты тіркеу.

Бұл ретте, Сейфті (ұяшықты) жалға беру актісіне қол қойылады, оған Қосылу туралы өтінішке қол қойғаннан кейін, сейфті (ұяшықты) пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлегеннен кейін қол қойылады.

2.2. Жалға алушы сейфті (ұяшықты) пайдалануды өздігінен- Банк қызметкерлерінің қатысуынсыз жүзеге асырады.

2.3. Жалға алушының сейфті (ұяшықты) үшінші тұлғаларға қосалқы жалға беруіне жол берілмейді.

2.4. Банк сейфтің (ұяшықтың) ішіндегісін сақтандыруды жүргізбейді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

Жалға алушының міндеттері:

3.1. Сейфті (ұяшықты) пайдаланғаны үшін жалдау ақысын Банктің Тарифтеріне сәйкес сейфті (ұяшықты) жалдаудың бүкіл мерзіміне төлеу және кепілақы сомасын осы Шартқа қол қойғаннан кейін 1 (бір) күнтізбелік күннің ішінде енгізу.

3.2. Сейфті (ұяшықты) оны зақымдауын болдырмайтын тәсілмен пайдалану, сейфті (ұяшықты) салмағы ауыр (25 кг-дан асатын) және сейфті (ұяшықты) деформациялауға әкеп соқтыратын габаритті заттармен толтырмау, кілтті, магнитті карточканы сақтауды, дсн-кодтың құпиялылығын қамтамасыз ету.

3.3. Жалға алушының сейфті (ұяшықты) пайдалану уақытын асыру нәтижесінде техникалық ақаулықтарға жол бермеу мақсатында сейфті (ұяшықты) 21 минуттан асырмай пайдалану.

3.4. Жалға алушының кінәсінен сейфтің (ұяшықтың) құлпын, дсн-кодты ауыстырған немесе ол кілтті, магнитті карточканы жоғалтқан жағдайда, Банктің Тарифтеріне сәйкес айыппұл төлеу.

3.5. Сейфті (ұяшықты) Шарттың талаптарына сәйкес пайдалану, оның ішінде сақтауға тиым салынған заттарды сейфке (ұяшыққа) салмау, сейфті (ұяшықты) жарылғыш және тез тұтанатын заттарды, оқ-дәрілерді, атыс, газ және суық қаруды, химиялық, уландыратын радиоактивті, есірткі және психотроптық заттарды, тамақ өнімдері мен тез бұзылатын заттарды, Банкке залал келтіруі және/немесе Банк қызметкерлеріне зиян келтіруі мүмкін өзге де мүлікті сақтау үшін пайдаланбау.

3.6. Шарттың мерзімі өткеннен кейін сейфті (ұяшықты) босату, кілт пен магнитті карточканы жарамды күйінде, Сейфті (ұяшықты) қайтару (босату) актісіне қол қоя отырып, Банктің жауапты қызметкеріне өткізу.

3.7. Сейфті (ұяшықты) жалдау мерзімі өткеннен кейін Банктің жауапты қызметкеріне сейфті (ұяшықты) уақытында босатпаған және/немесе кілтті және/немесе магнитті карточканы өткізбеген жағдайда, тұрақсыздық айыбын есептеу күніне қолданыстағы Банктің Тарифтеріне сәйкес, Банкке тұрақсыздық айыбын төлеу.

3.8. Жалға алушының тұрғылықты жерінің, жеке басын куәландыратын құжат деректерінің, сондай-ақ осы өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын / нотариат куәландырған көшірмелерін ұсына отырып, өзге де деректемелердің (байланыс телефондарының, электрондық мекенжайлардың және т.б.) өзгергені туралы Банкке үш күн мерзімде жазбаша хабарлау. Хабарламаған және/немесе уақытында хабарламаған жағдайда, Банк осындай хабарламау және/немесе уақтылы хабарламау салдарынан Жалға алушыға келтірілуі мүмкін залал үшін жауапкершіліктен босатылады.

3.9. Банкке төменде көрсетілген әрекеттер жасалған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осындай әрекеттерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын / куәландырған көшірмелерін ұсына отырып, жазбаша түрде немесе Тараптар келіскен басқа байланыс құралдары арқылы хабарлау:

1) үшінші тұлғаларға сейфті (ұяшықты) пайдалану және Жалға алушының сейфте (ұяшықта) орналасқан құндылықтары мен құжаттарына иелік ету құқығын берген кезде;

2) сенімхат негізінде сейфті (ұяшықты) пайдалануға және Жалға алушының сейфте (ұяшықта) орналасқан құндылықтары мен құжаттарына иелік етуге уәкілетті етілген тұлғалардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде.

Жалға алушы осы тармақтағы хабарлау тәртібін бұзған жағдайда, Банк осылай бұзу салдарынан және/немесе Сейфке санкцияланбаған қолжетімділік бергені үшін Жалға алушыға келтірілуі мүмкін залал үшін жауапкершіліктен босатылады. Сенім білдірілген тұлға өзгерген кезде, сенім білдірілген тұлғаның ауысқаны туралы өтініш, қайта ресімдеу үшін Сейфтің кілтін беру;

3.10. Банк осы Шарттың 3.22-тармағына сәйкес хабардар еткен жағдайда, Банкке жауап беру, сондай-ақ бірінші талап ету бойынша Банк белгілеген мерзімде Банкке келу.

3.11. Банкке 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде кілттің және/немесе магнитті карточканың жоғалғаны туралы, дсн-кодтың құпиялылығының бұзылғаны туралы, сейфтің (ұяшықтың) кез келген ақаулары туралы жазбаша түрде немесе Тараптармен келісілген басқа да байланыс құралдары бойынша хабарлау. Хабарламаған және/немесе уақытында хабарламаған жағдайда, Банк осындай хабарламау және/немесе уақтылы хабарламау салдарынан Жалға алушыға келтірілуі мүмкін залал үшін жауапкершіліктен босатылады.

3.12. Банкке шығыстардың құнын осы Шарттың 3.37. тармағына сәйкес өтеу.

Жалға алушының құқықтары:

3.13. Нотариат куәландырған сенімхат ресімдеу арқылы сенім білдірілген тұлғаға сейфті (ұяшықты) пайдалану құқығын беру, бұл ретте Банкті тез арада хабардар ету керек. Сенімхатта осы Шарттың нөмірі мен күніне міндетті түрде сілтеме көрсетілуі тиіс.

3.14. Магнитті карточканы, кілтті жоғалтқан, дсн-кодтың құпиялылығын бұзған кезде, жазбаша өтініш негізінде сейфтің (ұяшықтың) құлпын, магнитті карточканы, дсн-кодты ауыстыру.

3.15. осы Шартта белгіленген уақыт аралығында сейфке (ұяшыққа) еркін қолжеткізу.

3.16. Банк Тарифтерімен танысу.

3.17. Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тарту, бұл ретте Банк бекіткен нысан бойынша өтініш беру, сейфті (ұяшықты) босату және Банктің уәкілетті қызметкеріне кілтті, магнитті карточканы тапсыру. Мұндай жағдайда, қалған жалдау мерзімі үшін жалдау ақысы қайтарылмайды.

Банктің міндеттері:

3.18. Осы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде сейфтің (ұяшықтың) тұтастығын (бүтіндігін) және сақталуын қамтамасыз ету.

3.19. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Жалға алушыға не Жалға алушы сенімхат берген тұлғаға сейфке (ұяшыққа) кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету;

3.20. Жалға алушыға сейфті (ұяшықты) осы Шартта қарастырылған мақсаттарда пайдалану үшін жарамды күйде беру.

3.21. Осы Шартта белгіленген уақытта сейфке (ұяшыққа) құндылықтар мен құжаттарды орналастыру немесе сейфтен (ұяшықтан) алу үшін Жалға алушының сейфке (ұяшыққа) еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл ретте депозитарийде бір уақытта бірнеше сейф (ұяшық) Жалға алушының болуына тиым салынады.

3.22. Сейфтегі (ұяшықтағы) құндылықтар мен құжаттардың жоғалуына немесе бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар туралы Жалға алушыны олар анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар ету.

3.23. Жалға алушыны Банктің қолданыстағы тарифтері туралы хабардар ету.

3.24. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда, банктік құпияның (Жалға алушы және осы Шарттың 3.8-тармағында көрсетілген тұлғалар туралы, сейфті (ұяшықтарды) жалға алу фактісі, сейфтің (ұяшықтардың) нөмірі туралы мәліметтер, Жалға Алушының сейфінде (ұяшығында) орналастырылған құндылықтар мен құжаттар туралы (Банкке олар туралы белгілі болған жағдайларда) және олар бойынша операциялар туралы мәліметтер) сақталуына кепілдік беру.

3.25. Жалға алушының сейфтегі (ұяшықтағы) құндылықтар мен құжаттарды жоғалту немесе бүлдіру қаупі туындаған жағдайда, Жалға алушының жауабын күтпей-ақ, Шарттың 5-тарауында қарастырылған шараларды жүзеге асыру.

3.26. Техникалық ақаулықтардың нәтижесінде Жалға алушының сейфке (ұяшыққа) қол жеткізуі мүмкін болмаған жағдайларды жою үшін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей барлық шараларды қабылдау.

3.27. Банктің жұмыс күні ішінде Жалға алушының кілттің немесе магнитті карточканың жоғалғаны туралы, дсн-кодтың құпиялылығы бұзылғаны туралы ақпаратты тәулік бойы қабылдауды жүзеге асыратын байланыстағы/жауапты тұлғаны (Банк қызметкерлері қатарынан) қамтамасыз ету (тағайындау).

Банктің құқықтары:

3.28. Сейфті (ұяшықты) жалдаудың Тарифтерін өз бетінше белгілеу. Тарифтерді біржақты тәртіпте өзгерту, бұл туралы Жалға алушыға филиалдарда (филиалдардың қосымша үй-жайларында) және Банктің басқа бөлімшелерінде Жалға алушы көре алатын жерлерде, сондай-ақ Банктің мына мекенжай бойынша: www.diamondclub.eubank.kz корпоративтік веб-сайтында осындай өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті ақпарат орналастыру арқылы хабардар етіледі.

3.29. Шарт жасасу кезінде және Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған кез келген құжаттарды талап ету.

3.30. Егер Жалға алушы сейфті (ұяшықты) осы Шарттың 3.2., 3.5. тармақтарының талаптарын бұзып пайдаланса, Шартты мерзімінен бұрын бұзу.

3.31. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс -қимыл саласындағы заңнамасында

қарастырылған жағдайларда және тәртіпте қызмет көрсетуден бас тарту (Жалға алушыны сәйкестендіруді жүргізуге қажетті мәліметтерді тіркеу мүмкіндігі болмаған кезде, сондай-ақ ол ұсынған мәліметтердің шынайылығын тексеру мүмкін болмаған кезде).

3.32. Жалға алушы (оның өкілі) туралы деректердің шынайылығын тексеру және деректерді жанарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Жалға алушы ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Жалға алушыға қызмет көрсету процесінде Жалға алушы іскерлік қатынастарды Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс -қимыл саласындағы заңнамасында қарастырылған, қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік туындаған жағдайда, Жалға алушымен іскерлік қарым-қатынасты тоқтату.

3.33. Жалға алушының сейфте (ұяшықта) белгілі бір мүлікті сақтауға тиым салуға қатысты осы Шарттың талаптарын сақтауын бақылау мақсатында, арнайы техникалық және басқа құралдарды қолдана отырып (сейфті (ұяшықты) ашусыз) Жалға алушының сейфті (ұяшықты) мақсатына сай пайдалануына тексеруді жүзеге асыру.

3.34. Жалға алушының осы Шарттың 3.5. тармағын сақтауында күмән болған жағдайда, сейфті (ұяшықты) ашу және ішіндегісін тексеру туралы шешімді өз бетінше қабылдау.

3.35. Жалға алушы осы Шарттың 3.5-тармағының талаптарын бұзған жағдайда, мүлікті құзыретті органдарға беру немесе акт негізінде мүлікті жою туралы шешім қабылдау.

3.36. Осы Шарттың 5-бөліміне сәйкес белгіленген тәртіппен сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімі өткеннен кейін Жалға алушы Банкке келмеген кезде, сейфтің (ұяшықтың) ашу және ішіндегісін алып қою.

3.37. Жалға алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда, өз шығындарының орнын (құлыпты жөндеуге, кілтті, магнитті карточканы жоғалтуға, ДСН-кодты қалпына келтіруге байланысты) соттан тыс тәртіпте, кепілақы сомасының есебінен толтыру.

3.38. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына/тиісті түрде орындамауына байланысты Жалға алушының Банкке төлеуі тиіс тұрақсыздық айыбының сомасын, Банктің қоймасына құндылықтарды орналастыру құнын, Жалға алушының кінәсі бар екендігіне байланыссыз Банктің мүлкін (кілт, құлып, магнитті карточка) жоғалтуға немесе зақымдауға, кілттің дубликатын беруге және т.б. байланысты шығыстарды шегере отырып, Жалға алушыға кепілақы сомасын қайтару.

Кепілақы сомасын толықтыру қажеттігі туралы Банк Жалға алушыға мерзімі мен толықтыру сомасын көрсетіп, кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлайды.

3.39. Жалға алушының сейф ұяшығын дұрыс пайдаланбауы/тиісінше пайдаланбауы салдарынан депозитарийдің роботтандырылған жүйесінің жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты Банк шеккен шығыстардың құнын Жалға алушының одан әрі төлеуі үшін өтеуге Жалға алушыға ұсыну, онымен Жалға алушы даусыз және сөзсіз келіседі.

4. Тараптардың жауапкершілігі

Банктің жауапкершілігі:

4.1. Банк Жалға алушыға қызмет көрсетумен байланысты талап бұзушылықтар жасағаны үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген шекте жауапкершілік көтереді.

4.2. Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген банктік құпияны жариялағаны үшін жауапкершілікте болады.

4.3. Банк сейфтің (ұяшықтың) бүтіндігі мен сақталуын қамтамасыз етпегені үшін жауапкершілікте болады.

4.4. Банк Жалға алушының немесе оның өкілінің сейфке (ұяшыққа) иелік етуі және/немесе Жалға алушының немесе оның өкілінің сейфке (ұяшыққа) орналастыруы заңсыз деп танылған (танылатын) заттарды, құндылықтар мен құжаттарды орналастырғаны үшін, сондай-ақ осылай иелік ету нәтижесінде және/немесе оларды Банктің сейфіне (ұяшығына) орналастыру салдарынан Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген залал үшін жауапты болмайды.

4.5. Жалға алушы егер Банкке кілтті және/немесе магнитті карточканы жоғалтқаны туралы, дсн-кодтың құпиялылығы бұзылғаны туралы хабарламаса, сондай-ақ кілтті, магнитті карточканы,

дсн-кодты үшінші тұлғаларға берген жағдайда, Банк сейфтің (ұяшықтың) ішіндегі құндылықтар мен құжаттардың сақталуы үшін жауапты болмайды.

4.6. Банк сейфтің (ұяшықтың) ішіндегіні, оның ішінде Жалға алушының ақшасы мен басқа мүлкін бергені үшін, оларға сот шешімінің негізінде құн өндіріп алу қолданылған жағдайда, материалдық жауапкершілік көтермейді.

4.7. Банк Жалға алушының осы Шартта қарастырылған міндеттерін орындамау және/немесе тиісті орындамау салдарынан Жалға алушыға келтірген шығын үшін жауапты болмайды.

4.8. Егер заттың жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі еңсерілмейтін күш жағдайларынан не заттың өзінің қасиеттерінен, не Жалға алушының пиғылымен немесе өрескел абайсыздығынан туындаса, Банк сейфтегі (ұяшықтағы) заттың жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені үшін жауапты болмайды.

4.9. Кез келген жағдайда Банктің жауапкершілігі, ол осы Шарттың талаптарын бұзған кезде, Жалға алушыға келтірілген нақты зиянның мөлшерімен шектеледі.

Жалға алушы төмендегілер үшін жауапкершілікте болады:

4.10. Осы Шарттың 3.6. тармағын бұзғаны үшін - тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу арқылы, оның мөлшері мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбын есептеу күнге қолданыстағы Банктің Тарифтерімен анықталады.

4.11. Кілтті, магнитті карточканы жоғалту, дсн-кодтың құпиялылығын бұзу немесе Жалға алушының кінәсінен құлыпты бұзу, не кілтті, магнитті карточканы, дсн-кодты үшінші тұлғаларға беру салдарынан Банкке келтірілген залал үшін.

4.12. Жалға алушының немесе оның өкілінің сейфке (ұяшыққа) иелік етуі және/немесе сейфке (ұяшыққа) орналастыруы заңсыз деп танылған (танылатын) заттарды, құндылықтар мен құжаттарды орналастырғаны үшін, сондай-ақ осылай иелік ету нәтижесінде және/немесе оларды Банктің сейфіне (ұяшығына) орналастыру салдарынан Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген залал үшін.

4.13. Сейфте (ұяшықта) сақтауға тыйым салынған заттарды, жарылғыш және тез тұтанатын заттарды, оқ-дәрілерді, атыс, газ және суық қаруды, химиялық, уландырғыш, радиоактивті, есірткі және психотроптық заттарды орналастырғаны үшін, сондай-ақ Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға сейфте (ұяшықта) тамақ өнімдері мен тез бұзылатын заттар, Банкке зиян келтіретін және Банк қызметкерлеріне зиян келтіретін өзге де мүлік сақтаумен келтірілген залал үшін.

4.14. Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға осы Шарттың талаптарын бұзумен, сейфтегі (ұяшықтағы) заттардың қасиеттерімен келтірілген залал үшін.

4.15. Банкке ұсынылатын құжаттардың дұрыс еместігі үшін, сондай-ақ сейфті (ұяшықты) тиісінше пайдаланбағаны үшін.

4.16. Банктің сейф (ұяшық) орналасқан үй-жайына Жалға алушыдан алған (магнитті карточкамен, кілтпен) сейфке (ұяшыққа) қол жеткізу құралы бар кез келген тұлға кірген кезде туындауы мүмкін залал мен салдарлар үшін.

4.17. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сейфті (ұяшықты) пайдалану кезінде оның сақталуы және бүтіндігі үшін.

4.18. Кілтті, магнитті карточканы жоғалтқаны, ДСН-кодтың құпиялылығын жоғалту туралы Банкті жазбаша уақытында хабардар етпегені үшін.

4.19. Сейфке (ұяшыққа) қолжетімділікке сенімхатты (сенімхаттарды) кері қайтарып алғаны туралы Банкті жазбаша уақытында хабардар етпегені үшін.

4.20. Кілтті, магнитті карточканы, ДСН-кодты үшінші тұлғаларға бергені үшін.

5. Сейфті (ұяшықты) ашу

5.1. Банк Шарттың қолданылу мерзімі аяқталатын күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде (ауызша/жазбаша), егер Жалға алушы сейфті (ұяшықты) жалдау мерзімін жабу немесе ұзарту жөніндегі іс-әрекеттерді қабылдамаған жағдайда, Жалға алушыны жалдау мерзімі өткен күні хабардар етеді, Банк сейфті (ұяшықты) ашу себебі пен уақытын көрсетіп, Шартта көрсетілген деректемелер бойынша тапсырыс хат арқылы сейфті (ұяшықты) мәжбүрлі ашу туралы жазбаша хабарлама жолдайды. Егер Жалға алушы деректемелерінің өзгергені туралы Шартта қарастырылған тәртіпте Банкті хабардар етпесе, оған тиісті түрде хабардар етілді деп есептелінеді.

5.2. Жалға алушы (оның өкілі) жалдау мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң келмеген жағдайда, ашу актісін жасай отырып, Банк комиссиясы мүшелерінің қатысуымен Банк сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашуға құқылы.

5.3. Сейфті (ұяшықты) Жалға алушысыз (сенім білдірілген тұлғасыз немесе мұрагерсіз) ашу Банк тағайындаған комиссия мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі. Сейфтен (ұяшықтан) құндылықтарды алу сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашу Актісімен ресімделеді, ол ішіндегілердің тізімі мен құндылықтарды алып қоюды қамтиды. Жеке банктік сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашу актісіне комиссия мүшелері қол қояды, құндылықтар Банктің қоймасына- сейфті (ұяшықты) ашу кезінде алынған құндылықтарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша тапсырылады. Банктің қоймасына осы Шарттың 3.5. тармағында көрсетілген заттар қабылданбайды.

5.4. Егер Жалға алушы (оның өкілі немесе мұрагерлері) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде сейфтен (ұяшықтан) алынған заттар мен құндылықтарды Банктен талап етпесе, Банк Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 240- бабына сәйкес осы мүлікке меншік құқығын сатып алады.

5.5. Жалға алушы сейфті (ұяшықты) ашу, құлыпты ауыстыру, құндылықтарды Банк қоймасына орналастыру бойынша шығыстарды, сейфті уақтылы босатпағаны үшін Банк тарифтеріне сәйкес тұрақсыздық айыбын төлейді, Жалға алушы осы шығыстарды төлеуден бас тартқан жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте өндіріп алынады. Мұндай жағдайда Кепілақы сомасы Банк шеккен шығыстар сомасының шегерімімен қайтарылады.

6. Жалдау ақысы

6.1. Сейфті (ұяшықты) пайдаланғаны үшін, сондай-ақ осы Шартқа сәйкес қызмет көрсетілгені үшін Банк операция жүргізу немесе қызмет көрсету сәтіндегі қолданыстағы Банк Тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы алады. Бұл ретте жалдау ақысы Жалға алушыға сейф (ұяшық) берілгенге дейін бір рет алынады.

6.2. Сейфті (ұяшықты) жалдау мерзімі Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

6.3. Жалға алушы, егер жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін сейфті (ұяшықты) босатпаған жағдайда, ол Банкке сейфті (ұяшықты)/осы Шарттың 5.1-тармағына сәйкес сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашқан жағдайда, Жалға алушы Банктің қоймасынан сейфтің (ұяшықтың) ішіндегісін нақты босатқан күнге дейін мерзімін өткізген әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбын есептеу күні қолданылатын Банктің тарифтеріне сәйкес тұрақсыздық айыбын төлейді.

7. Сейфке қолжетімділік

7.1. Жалға алушының сейфіне (ұяшығына) қол жеткізу кез келген күнтізбелік күні тәулік бойы ашық. Бұл ретте, Жалға алушының өкілі бірінші рет келген кезде жұмыс күндері жергілікті уақыт бойынша сағат 17.00-ге дейін сенімхаттың түпнұсқасымен Банкке, оны Банк жүйесінде тіркеу, магниттік карточка алу және оған дсн-код беру үшін келуі қажет. Сенім білдірілген тұлғаны тіркеусіз, сенім білдірілген тұлғаның автоматтандырылған сейфтік банктік депозитарийге кіруіне рұқсат жоқ (мүмкін емес).

7.2. Шарт жасау, сондай-ақ оның қолданылу мерзімін ұзарту Банк Жалға алушыларға операциялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жұмыс уақыты кезеңінде мүмкін болады (Банктің техникалық мүмкіндігі кезінде, Банктің қызмет көрсетудің қашықтағы арналары арқылы операциялар жасау жағдайларын қоспағанда). Шартты мерзімінен бұрын бұзу, тек қана Банк Жалға алушыларға операциялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жұмыс уақыты кезеңінде мүмкін болады. Банктің жұмыс істеу режимі туралы ақпарат филиалдарда (филиалдардың қосымша үй-жайларында) Жалға алушының көруі үшін қолжетімді орындарда, сондай – ақ Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған.

7.3. Сейфтің (ұяшықтың) ішіндегісін мұраға алу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Еңсерілмес күш жағдайлары

8.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағандары үшін, егер орындамау себебі Тараптардың алдын ала болжауы, қисынды әдістермен болдырмауы мүмкін емес төтенше сипаттағы оқиғалардың нәтижесінде Шартты жасағаннан соң туындаған, еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Еңсерілмес күш жағдайларына Тараптар әсер ете алмайтын және туындауына жауапкершілікте болмайтын жағдайлар жатады (мысалы: жер сілкінісі, су тасқыны, өрт және т.б.).

8.3. Осындай жағдайға сілтеме жасаушы Тарап, осындай жағдайлардың басталғаны туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда онкүндік мерзімде хабарлауға міндетті, сонымен қатар екінші

Тараптың талап етуі бойынша осындай жағдайлардың басталуымен құзыретті орган берген құжат ұсынылуы тиіс.

8.4. Тарап осындай жағдайлардың әрекеті тоқтағаны туралы күнтізбелік үш күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

8.5. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет еткен уақыт аралығымен шамалас мерзімге шегеріледі.

9. Шарттың қолданылу мерзімі және Шартты өзгерту тәртібі

9.1. Осы Шарт, оған Жалға алушы қол қойған және Банк Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және Шарттың жасалу фактісін растайтын Қосылу туралы өтінішті (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) қабылдаған күннен бастап күшіне енеді. Шарт Тараптардың ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

9.2. Шарттың қолданылуы сейфті (ұяшықты) жалдау мерзімі аяқталғанға дейін төмендегілер бойынша тоқтатылуы мүмкін:

- Тараптардың жазбаша келісімі бойынша;
- Жалға алушының Шартты орындаудан біржақты бас тартуы туралы, осы Шартқа сәйкес берген өтініші бойынша, және осы Шартты бұзуға кедергі болатын жағдайлар болмаған кезде;
- осы Шартта белгіленген басқа жағдайларда.

9.3. Банк Жалға алушымен алдын ала келіспей, біржақты тәртіпте Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Банк Жалға алушыны Шартқа енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты Банктің: www.diamondclub.eubank.kz корпоративтік веб-сайтында орналастыру арқылы, осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Банк филиалдарының және олардың қосымша бөлімшелерінің операциялық залдарында ақпаратты көруге қолжетімді орындарда орналастыру арқылы хабардар етеді.

9.4. Жалға алушының Банкке Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Жалға алушыны хабардар еткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, Шарттың талаптарын қабылдамайтыны туралы өтініш бермеуі, Жалға алушының Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісуін және енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, оған тұтастай қосылуын білдіреді.

9.5. Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін, ол өзгертілген/толықтырылған түрде қолдануын жалғастырады.

9.6. Осы Шарттың 9.3.-9.5. тармақтарымен белгіленген тәртіпке сәйкес Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген кезде, Шарттың Тараптары қазақстан Республикасының заңнамасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

9.7. Сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімі осы Шартқа белгіленген нысан бойынша сейфті (ұяшықтарды) жалға алу мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде берілген, Жалға Алушының сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтініші негізінде ұзартылуы мүмкін. Бұл ретте, сейфті (ұяшықты) жалдау мерзімі ұзартылған күннен бастап жалдау талаптары Банк белгілеген және ұзарту күніне қолданыста болған сейфті (ұяшықты) жалдаудың стандартты талаптарына сәйкес белгіленеді. Жалға Алушының сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтініші осы Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады және жалдау мерзімін ұзарту күніне қолданыстағы сейфті (ұяшықты) жалға алу талаптарымен танысқанын және қабылдағанын растаушы құжат болып табылады.

10. Дауларды шешу тәртібі

10.1. Осы Шарт бойынша туындайтын түсініспеушіліктер мен дауларды Тараптар өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында келіссөздер арқылы алдын ала тәртіпте дербес қарастырады.

10.2. Осы Шартқа байланысты келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар талапкердің/өтініш берушінің таңдауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес айрықша соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда), не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төрелікке ведомстволық бағынысты емес және

осыған байланысты Қазақстан Республикасының соттарында қарауға жататын дауларды қоспағанда, тұрақты жұмыс істейтін «Алматы төрелік сотында», осы төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оның Регламентіне сәйкес, төрелікке талап қою/арыз беру күніне қолданылатын редакцияда қаралуға жатады.

11. Күпиялылық

11.1. Тараптардың Шартқа байланысты бірі-біріне беретін кез келген ақпарат, сондай-ақ Шартты жасау фактісінің өзі күпиялы ақпарат болып табылады және, егер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарынан немесе Шарттың талаптарынан өзгеше туындамаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісін алмай үшінші тұлғаларға жария етуге болмайды.

11.2. Банк Жалға алушыға қатысты ақпараттың және Шартқа сәйкес Банк көрсететін қызметтердің күпиялылығын қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолданады.

11.3. Егер күпиялылық Жалға алушының кінәсінен бұзылса немесе күпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа көздерден белгілі болса немесе мәлім болса, Банк жауап бермейді.

11.4. Қосылу туралы өтініш бере отырып және Банктің офисінде жеке өзі бола отырып, Жалға алушы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Банк, Қазақстан Республикасы заңнамасының, оларда бекітілген ақпаратты ашу деңгейін сақтау қажеттілігін белгілейтін Банктің ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес кез келген ақпаратты ашуды талап етуге құқылы екендігімен келіседі, ал Жалға алушы Банкке оның бірінші талап етуі бойынша кез келген ақпаратты Банк белгілеген мерзімде және Банктің Шартта қарастырылғандай күпиялылық талаптарын сақтауымен беруге міндеттенеді.

11.5. Банктің офисінде жеке өзі қатысу сәтінде Қосылу туралы өтініш бере отырып, Жалға алушы Жалға алушының қосымша келісімсіз, Шарттың негізінде Банкке төмендегі үшінші тұлғаларға беруге сөзсіз, және кері қайтарылмайтын уәкілеттік береді:

1) Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктің үлестес заңды тұлғаларына; уәкілетті мемлекеттік органдарға, соттарға, құқық қорғау органдарына (оның ішінде анықтау және/немесе алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) олардың сұратуы бойынша, немесе Жалға алушы Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда, немесе Жалға алушы Қазақстан Республикасының заңнамасының бұзған жағдайда; Банк Шарт бойынша өзінің талап ету құқықтарын беретін кез келген үшінші тұлғаларға, +- Банк пен Жалға алушының арасында жасалған, оның ішінде өз қолданысын тоқтатқан, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банктік күпияны, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де күпияны құрайтын Жалға алушыға және/немесе Шартқа және/немесе өзге де Шарттарға қатысы бар барлық және кез келген ақпарат;

2) Банк, Банк акционерлері және/немесе Банктің үлестес тұлғалары талдамалық сұрау салуды жүзеге асыру, өзге де қызметтер, мыналарды қоса, бірақ шектелмей, берешекті қайтару бойынша, консультациялық, заң қызметтерін, аудиторлық және басқа қызметтер көрсету үшін жалдаған немесе болашақта жалдайтын кез келген үшінші тұлғаларға, осындай үшінші тұлғаларға Банк, банк акционерлерінің және/немесе Банктің үлестес тұлғалары алдындағы міндеттемелерін орындау мүмкіндігін беру үшін, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз функцияларын іске асыру үшін, - Жалға алушыға және/немесе Шартқа және/немесе Банк пен Жалға алушының арасында жасалған, оның ішінде өз қолданысын тоқтатқан, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банктік күпияны, сондай-ақ Банкке, Банк акционерлеріне және/немесе Банктің үлестес тұлғаларына тиісті қызмет көрсету үшін, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз функцияларын іске асыру үшін қажетті және жеткілікті коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де күпия кез келген ақпарат;

3) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдарына, оның ішінде АҚШ салық органдары (IRS) мен шетелдік салық агенттеріне, - «Шетелдік шоттардың салық режимі туралы» Америка Құрама Штаттарының Заңында FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) айқындалған талаптарды іске асыру мақсатында, Жалға алушыға және/немесе Шартқа және/немесе Банк пен Жалға алушының арасында жасалған, оның ішінде өз қолданысын тоқтатқан, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банктік күпияны құрайтын, сондай-ақ коммерциялық және/немесе заңмен қорғалатын өзге де күпия кез келген ақпарат.

11.6. Осы өкілеттіктер Банк, Банк акционерлері, Банктің үлестес тұлғалары осындай үшінші тұлғалармен әрбір нақты жағдайда рұқсат етілетін және қол жеткізуге болатын орынды дәрежеде

құпиялылықты сақтау туралы барлық қажетті уағдаластықтарға қол жеткізген жағдайда, жарамды болып табылады.

11.7. Осы арқылы Жалға алушы осы Шартты және/немесе Банкпен өзге де мәмілелерді жасау мақсатында және орындау, оның ішінде Жалға алушының олар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауы шеңберінде, сондай-ақ Банктің, Жалға алушының және (немесе) кез келген үшінші тұлғалардың арасында, оның ішінде Жалға алушы және (немесе) Банк олармен мән-жайлармен немесе қатынастармен байланысты, мыналарды қоса, бірақ шектелмей, банктік және басқа қызмет көрсетумен, о.і. оларды көрсету алдында және көрсету процесінде кез келген әрекеттер/мәмілелер (бағалау және (немесе) сақтандыру бойынша (егер қарастырылған болса) және т.б.) жасаумен байланысты кез келген қатынастардың туындауына немесе пайда болуы мүмкіндігіне байланысты Банкке Жалға алушы туралы, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кез келген ақпаратты, Жалға алушының (оның өкілінің) дербес деректерін (бұдан әрі – Ақпарат) өңдеуіне, Банктің барлық көздерден жинауына және таратуына өзінің сөзсіз келісімін береді.

Хабарламаларды, талаптарды жолдау, сондай-ақ Банктің қызметтері туралы, оның ішінде кез келген мәліметтер мен ақпаратты сұрату және алу, талап ету құқықтарын басқаға беру арқылы хабардар ету, сондай-ақ Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату қажеттігі бар/ туындайтын өзге жағдайларда. Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату Банктің қалауы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен жүзеге асырылады. Банктің құқықтары:

1) Банк заңнама талаптарына, жасалған шарттарға сәйкес осындай іс-әрекеттерді жасауға міндетті немесе құқылы болған кезде және өзге жағдайларда, Ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органдарға және кез келген өзге тұлғаларға беру; Ақпаратты трансшекаралық, оның ішінде "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағының 1) т-шасына сәйкес беруді жүзеге асыру;

2) Ақпаратты, о.і. Заңның 15-б. 2-т. сәйкес тарату;

3) Ақпаратқа қол жеткізу талаптарын дербес анықтау;

4) Банкпен құқықтық қатынастар тоқтатылғаннан кейін Ақпаратты ҚР заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген сақтау мерзімі ішінде кез келген тасымалдауыштарда сақтау. Банк ақпаратты жинау, өңдеу және кез келген үшінші тұлғаларға беру жөнінде Банк жасайтын іс-әрекеттер туралы кімге болса да хабарлауға міндетті емес. Жалға алушы Банктің ақпаратқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуі үшін Банкке тиісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке жаңа Ақпарат, ол Банкке берген Ақпараттың кез келген өзгерістері және/немесе толықтырулары туралы жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

12. Қорытынды ережелер

12.1. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Банк Шарт бойынша кез келген құқықтарды немесе міндеттемелерді басқа біреуге табыстауға немесе беруге құқылы. Осылай табыстау, беру немесе ауыстыру Жалға алушының қосымша келісімін талап етпейді.

12.2. Жалға алушының Шартқа байланысты туындаған өзінің қандай да бір құқықтарын немесе міндеттемелерін Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз табыстауға немесе беруге құқығы жоқ.

12.3. Шарт Тараптар, олардың құқықтық мирасқорлары мен уәкілетті өкілдері үшін міндетті болып табылады.

12.4. Егер, Банк Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері табысталған/берілген үшінші тұлғаның үшінші тұлғаны қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру, терроризм, алаяқтық, жемқорлық және т.б. сияқты, ақшаны жылыстату бойынша қылмыстық әрекеттер мен схемаларға тарту жағдайларын болдырмау үшін қажетті тиісті ішкі рәсімдері бар болса, немесе осындай рәсімдер үшінші тұлғаның резиденттік елінің заңнамасында белгіленсе, Жалға алушы осындай үшінші тұлғаның бірінші талап етуімен, осындай үшінші тұлға белгілеген мерзімде, үшінші тұлғада бар және/немесе оның резиденттік елінің заңнамасында белгіленген қажетті рәсімдердің барлық талаптарын жүзеге асыруға және сақтауға үшінші тұлғаның мүмкіндігі болуы үшін қажетті құжаттама мен ақпаратты ұсынуға немесе беруді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

12.5. Егер Шарттың қандай да бір ережесі күшін жойса, жарамсыз немесе заңсыз болса, бұл Шарттың қалған ережелерінің жарамдылығы мен заңдылығына әсер етпейді. Мұндай жағдайларда Тараптар жарамсыз ережені жаңа заңды мәнге ауыстыру үшін бар күшін салады.

12.6. Егер Тараптардың бірі Шарт бойынша кез келген құқықты пайдаланбаса немесе уақтылы пайдаланбаса, бұл Шартта арнайы айтылған жағдайларды қоспағанда, құқықтардан бас тарту ретінде бағаланбауы тиіс және Тараптың құқықтарына ықпал етпеуі тиіс.

12.7. Жалға беруші Қосылу туралы өтініш бере отырып, төмендегілерді растайды:

а) Шарт жасасу және орындау мақсатында Жалға алушы ұсынған барлық ақпарат дұрыс, толық және дәл болып табылады/табылатын болады;

б) Жалға алушы тарап болып қатысқан Шартты жасау және кез келген шарттарға, сондай-ақ Жалға алушы сақтауға міндетті және оған қолданылатын кез келген басқа талаптарға қайшы келмейді, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасының және Жалға алушының резиденттігі елінің заңнамасына қайшы келмейтін болады.

12.8. Жалға алушы Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризм, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және т. б. сияқты қылмыстық әрекеттерге және ақшаны жылыстату схемаларына Банкті тарту жағдайларының алдын алу бойынша белсенді жұмыс жүргізетінін мойындайды және келіседі. Банк жұмысының стандарттары Банктің беделін сақтауға және қорғауға, сондай-ақ жалға алушылардың Банктің парасаттылығына деген сеніміне нұқсан келтірмеуге бағытталған. Осыған байланысты, Банк өз қалауы бойынша Банктің жалға алушыларына және Банктің жалға алушылары жасайтын мәмілелер мен операцияларға белгілі бір талаптарды белгілейді, олар кезең-кезеңімен өзгеруі мүмкін. Банк, осылайша Банктің қандай да бір жалға алушысы не қандай да бір мәміле немесе Банк жалға алушысының операциясы ерекше/күдікті жалға алушылар және/немесе мәмілелер/операциялар санатына жатқызылуы мүмкін критерийлерді белгілеуі мүмкін.

12.9. Осы арқылы Жалға алушы Шарт бойынша (Өкілдер бойынша), Жалға алушы Банкке берген және болашақта беруге тиіс дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттігі туындаған өзге де жағдайларда, осындай дербес деректерді жинауды, Жалға алушы өзі берген дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің оларды жинауына, өңдеуіне және таратуына, тиісті шет мемлекеттің берілетін дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуіне қарамастан, егер осылайша беруге Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаса немесе шектеу қойылмаса, дербес деректерді трансшекаралық беруге алдын ала келісім алғанын куәландырады. Банк қажет деп анықтаған жағдайда, Жалға алушы Банкке Жалға алушының дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауына, өңдеуіне және таратуына, трансшекаралық беруге жинаған келісімдерінің бар екендігіне құжаттай растаманы ұсынады. Жоғарыда аталған келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Жалға алушыға жүктеледі. Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданған жағдайда, Жалға алушы Банктің талап етуімен Банк шеккен кез келген шығыстар мен залалдарды Банкке өтеп беруге міндеттенеді.

12.10. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін/өкілдерін қандай да бір түрде ынталандырудан, оның ішінде ақша, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және екінші Тараптың қызметкерін/өкілін белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің/екінші Тарап өкілінің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған, осы тармақта аталмаған басқа да тәсілдермен бас тартады. Банк қызметкерінің осы қызметкерді жоғарыда аталған тәсілдермен ынталандыратын Жалға Алушының пайдасына жүзеге асырылатын әрекеттері деп келесілер түсініледі:

а) Жалға алушыға Банктің басқа жалға алушыларымен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;

б) Жалға алушыға заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында көзделмеген қандай да бір кепілдіктер беру;

в) қолданыстағы рәсімдерді жылдамдату;

г) қызметкердің Банктің ішкі құжаттарына және Тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың айқындығы мен ашықтығы қағидаттарына қайшы келетін өзге де іс-әрекеттері.

12.11. Баптардың орналасу тәртібі, баптардың атаулары және Шартта қамтылған басқа да тақырыптар ыңғайлылық үшін пайдаланылған және қандай да бір шектеулерді, Шарттың қандай да бір ережелерінің сипаттамаларын немесе түсіндірмелерін қамтымайды.

12.12. Шартта реттелмеген мәселелерге қатысты Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12.13. Шарт орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жасалды. Шарттың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндері арасында сәйкессіздік болған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

12.14. Осы Шарт Жалға алушының талап етуі бойынша оны жасасу кезінде, оларды қолдану, орындау және сақтау ыңғайлылығы үшін оған тапсырылады. Егер Жалға алушы Шартта қарастырылғаннан басқа, Банк ұсынатын өзге де қызметтерді алғысы келген жағдайда, тиісті қызметтер көрсетуге бөлек шарттар жасасу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және/немесе Банктің ішкі саясаттарында, стандарттарында, рәсімдерінде, өзге ішкі құжаттарында қарастырылған өзге де талаптарды сақтау талап етіледі.